

## Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заны.

Ескерту. Заңның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. бұкіл мәтін бойынша:

"мүгедектерді", "мүгедектердің", "мүгедекті", "мүгедектің", "мүгедек", "мүгедектерге", "мүгедекке", "Мүгедектерді", "мүгедектер", "Мүгедектердің", "Мүгедекті", "Мүгедектерге", "Мүгедектер" деген сөздер тиісінше "мүгедектігі бар адамдарды", "мүгедектігі бар адамдардың", "мүгедектігі бар адамды", "мүгедектігі бар адамның", "мүгедектігі бар адам", "мүгедектігі бар адамдарға", "мүгедектігі бар адамға", "Мүгедектігі бар адамдарды", "мүгедектігі бар адамдар", "Мүгедектігі бар адамдардың", "Мүгедектігі бар адамды", "Мүгедектігі бар адамдарға", "Мүгедектігі бар адамдар" деген сөздермен ауыстырылды;

"мүгедек балалардың", "мүгедек бала", "мүгедек балаларға", "мүгедек балаларды", "мүгедек балалар", "Мүгедек балаларды" деген сөздер тиісінше "мүгедектігі бар балалардың", "мүгедектігі бар бала", "мүгедектігі бар балаларға", "мүгедектігі бар балаларды", "мүгедектігі бар балалар", "Мүгедектігі бар балаларды" деген сөздермен ауыстырылды;

"оңалтудың жеке бағдарламасы", "оңалтудың жеке бағдарламасына", "оңалтудың жеке бағдарламасының", "оңалтудың жеке бағдарламаларының", "оңалтудың жеке бағдарламаларына" деген сөздер тиісінше "абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы", "абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына", "абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламаларының", "абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламаларына" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің, олардың тіршілік-тынысы мен қоғаммен етене араласуы үшін тәң мүмкіндіктер жасаудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарын айқындайды.

## **1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі үғымдар**

Осы Занда мынадай негізгі үғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы жүріп-тұру құралдары - мүгедектігі бар адамдардың белсенді және баяу жүріп-тұруына арналған техникалық көмек түрі;

2) алып тасталды - ҚР 03.12.2015 № 433-В Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

2-1) жеке көмекші – жүріп-тұруы қыын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды бірге алып жүру және объектілерге барған кезде көмек көрсету бойынша әлеуметтік қызметтер көрсететін адам;

3) кәсіптік бағдарлау - мүгедектігі бар адамның еңбек қызметі түрлерін таңдаудына көмек көрсетуге бағытталған шаралар жүйесі;

4) қайта жасау хирургиясы - организмнің бұзылған функцияларын қалпына келтіруге немесе олардың орнын толтыруға бағытталған хирургиялық емдеу әдісі;

5) медициналық-әлеуметтік сараптама – мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттілікten айырылу дәрежесін белгілей (белгілемей) отырып, куәландырылатын адамның организм функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған тыныс-тіршілігінің шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттілігін айқындау;

5-1) медициналық-әлеуметтік мекеме (үйым) – көмек пен күтімге, қызмет көрсетуге мұқтаж қарттардың, мүгедектігі бар адамдардың, мүгедектігі бар балалардың стационар, жартылай стационар немесе күндіз болу жағдайында тұрақты немесе уақытша тұруына арналған үйым;

6) медициналық оңалту - организмнің бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын сақтауға, ішінәра немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

7) мүгедектігі бар адам – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

7-1) мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау – мүгедектігі бар адамдардың бойында болмаған тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік қызметке қабілеттерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған шаралар кешені;

8) мүгедектігі бар бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;

9) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту - мүгедектігі бар адамдардың тіршілік-тынысының шектелуін жеңіп шығуы үшін жағдай туғызуға, олардың

әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделуіне бағытталған шаралар кешені;

10) алып тасталды – ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

11) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруға арналған арнаулы жұмыс орындары - мүгедектігі бар адамның жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып жабдықталған жұмыс орындары;

12) мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оңалту - мүгедектігі бар адамдардың бұзылған не жоғалтқан кәсіптік дағдыларын, білімі мен машиқтарын алуына немесе қалпына келтіруіне және оларды бейімдеу мен жұмысқа орналастыруға бағытталған шаралар кешені;

13) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

14) мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделуі - мүгедектігі бар адамдардың өзін-өзі қарап-куту, өз бетімен өмір сүру мүмкіндігіне қол жеткізу немесе олардың отбасылық және қоғамдық өмірдің үйреншікті жағдайларына қайта оралу процесі;

14-1) мүгедектігі бар адамдардың мамандандырылған ұйымдары – мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері, сондай-ақ ондағы қатысу үлестерінің жүз пайызы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне тиесілі ұйымдар мына талаптарға сай келсе:

мүгедектігі бар адамдардың орташа жылдық саны қызметкерлердің жалпы санының кемінде 51 пайызын құраса;

бір жылда мүгедектігі бар адамдардың енбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар енбекке ақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 35 пайызын құраса, осындаі бірлестіктер мен ұйымдар;

15) мүгедектік - организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі;

16) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы - мүгедектігі бар адамды оңалтудан өткізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін белгілейтін құжат;

17) міндетті гигиеналық құралдар - табиғи физиологиялық мұқтаждықтарды және қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған құралдар;

17-1) оңалту – мүгедектігі бар адамның тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби және өзге де қызметке қабілетін толық немесе ішінара қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені;

18) протездік-ортопедиялық көмек - мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі

медициналық-техникалық көмектің мамандандырылған түрі және оларды пайдалануды үйрету;

19) протездік-ортопедиялық құралдар - кем аяқ-қолды немесе дененің басқа да мүшелерін алмастыратын, аурудың немесе денсаулыққа зақым келудің салдарынан организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функцияларының орнын толтыратын құралдар ;

19-1) сурдоударма – қандай да бір тілден дактильді әліпби және (немесе) ымдау тілі қомегімен аудару;

20) сурдотехникалық құралдар – есту қабілетінің бұзылуын түзеуге және оның орнын толтыруға арналған техникалық құралдар, оның ішінде дыбысты күшеттеп күштілген байланыс және ақпарат беру құралдары;

21) техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар - протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық құралдар мен міндепті гигиеналық құралдар;

22) тифлотехникалық құралдар – мүгедектігі бар адамдардың көру қабілетінің бұзылуы салдарынан жоғалтқан мүмкіндіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға бағытталған құралдар;

23) тіршілік-тынысының шектелуі - адамның өзін-өзі қарап-куту, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлай алу, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу және еңбекпен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айрылуы;

24) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары – мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын, көлемін және шарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілер;

25) ымдау тілі маманы – естітін және естімейтін адамдар арасында делдалдық қызмет көрсетуге байланысты мүгедектігі бар адамға әлеуметтік қызметтер көрсететін маман.

**Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.07.07 № 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.12.2013 № 152-V (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

**2-бап. Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсө, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады, бұған халықаралық шарттан оның қолданылуы үшін Қазақстан Республикасының заңын шығару талап етілетін жағдайлар қосылмайды.

### **3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

Жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік органдар мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы қатынастардың субъектілері болып табылады.

## **2-тaraу. МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

### **4-бап. Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты**

Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты:

- 1) мүгедектіктің алдын алуға;
- 2) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғауға, соның ішінде оналтуға;
- 3) мүгедектігі бар адамдардың қоғаммен етене араласуына бағытталған.

### **5-бап. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау принциптері**

Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты:

- 1) заңдылық, ізгілік, адам құқықтарының сақталуы;
- 2) әлеуметтік қорғауға кепілдік берілу, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оналтуға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- 3) мүгедектігі бар адамдардың денсаулық сақтауға, білім алуға және қызмет түрін, соның ішінде еңбек қызметі түрін еркін тандауға басқа азаматтармен қатар қол жеткізуі мен тен құқылы болуы;
- 4) мемлекеттік органдардың мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) мүгедектік белгісі бойынша кемсітуге тыйым салу принциптері негізінде жүргізіледі.

## **6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша оқып жүрген мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендиялар тағайындау мен төлеудің тәртібін бекітеді;

4-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласында үйлестіру кеңесін құрады;

5-1) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспарды бекітеді;

5-2) мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (орнын толтыруышы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыйыптауышына сәйкес мүгедектігі бар адамның қажеттіліктерін бағалау тәртібін бекітеді;

6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындаиды.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.12.19 № 9 (2008 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.10.2021 № 67-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарамен.**

## **7-бап. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның және оның аумақтық белімшелерінің құзыреті**

1. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

1-1) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

2) алып тасталды - КР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2-1) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;

3) алып тасталды - КР 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) алынып тасталды - КР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) медициналық-әлеуметтік сараптаманы және мүгедектігі бар адамдарды оналтуды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жалпы принциптерін белгілейді;

5-1) министрлердің, аудандар, қалалар, облыстық маңызы бар қалалар, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің мүгедектік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшілерін тағайындау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

6) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

6-1) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу кезінде қалыптастырылатын құжаттардың нысандарын әзірлейді және бекітеді;

7) мүгедектігі бар адамдарды есепке алу жүйесінің орталықтандырылған деректер банкін қалыптастырады, мүгедектік себептерінің, құрылымының және жай-күйінің мониторингін жүргізеді;

7-1) тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы мүгедектігі бар адамдарға өткізу кезінде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидаларын бекітеді;

8) алып тасталды - КР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандар

9) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

9-1) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес, жүріп-тұруы қыын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерді көрсетуі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

9-2) мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (орнын толтыруышы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыйыптауышын әзірлейді және бекітеді;

9-3) мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы сыйып алатын тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу ретінде берілетін кепілдік берілген соманы айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

9-4) тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталына жіберу, оларды әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеу немесе тіркеуден шығару қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

9-5) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес, мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

9-6) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес, есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсыну қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

9-7) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес, мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

9-8) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталын пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

10) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің құзыretіне мыналар жатады:

1) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу;

2) организм функцияларының бұзылу және тұрмыс-тіршілігінің шектелу дәрежесіне қарай себебі, мерзімі айқындағанда отырып, мүгедектік тобын және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеу;

3) мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік және кәсіптік бөліктерін әзірлеу, өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаудың байланысты мертіккен немесе өзге де денсаулық зақымын алған жұмыскердің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мүқтаждығын айқындау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жәрдемақыларды және төлемдер мен өтемақылардың басқа да түрлерін тағайындау;

5) мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламаларының іске асырылуын бақылау;

6) халықтың мүгедектігі деңгейі мен себептерін зерделеу;

7) өз құзыretі шегінде мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі),**

13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2019 № 287-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **8-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган:

- 1) халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру, мүгедектіктің алдын алу саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізеді;
- 2) ауруларды диагностикалау, емдеу және оңалту хаттамаларын айқындайды;
- 3) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігін әзірлейді және оны орындауды жүзеге асырады;
- 4) медициналық-элеуметтік сараптама саласындағы мамандарды кәсіптік даярлауды және қайта даярлауды қамтамасыз етеді;
- 5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **9-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың білім алудын қамтамасыз етеді;
- 2) мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша оқып жүрген мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендиялар тағайындау мен төлеудің тәртібін әзірлейді;
- 3) алып тасталды – ҚР 26.06.2021 № 56-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.06.2021 № 56-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**10-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті**

**Ескерту. 10-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 03.12.2015 № 433-V Заңымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қарызы).**

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды құрады;

2-1) мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қолдау шараларын ұсынады;

3) мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды жүзеге асыратын ұйымдарды құруға ықпал етеді;

4) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оқытууды (қайта оқытууды) ұйымдастырады;

5) мүгедектігі бар адамдарды оңалту жөніндегі мамандарды, оның ішінде ымдау тілі мамандарын, Брайльдің бедерлі-нұқтелік қарпі бойынша оқытын және жазатын мамандарды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

6) осы Заңға сәйкес тиісті аумақта медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалтудың орындалуын ұйымдастырады;

7) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың және мүгедектігі бар балалардың санаторийлік-курорттық емделуін, мүгедектігі бар баланы санаторийлік-курорттық емдеуге алып жүретін заңды өкілдің санаторийлік-курорттық ұйымда болуын қамтамасыз етеді;

8) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (орнын толтыруши) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-түру құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

10) дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен және мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп мүгедектігі бар адамдар арасында сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады;

11) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп мәдени-көпшілік және ағарту іс-шараларын ұйымдастырады;

12) мүгедектігі бар адамдарға қайырымдылық және әлеуметтік көмектің көрсетілуін үйлестіреді;

13) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **11-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының күзүреті**

1. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті өкілді органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен занды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Ауданның (облыстық маңызы қаланың) жергілікті атқарушы органдары:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастырады және қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді;

3-1) мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қолдау шараларын ұсынады;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2015 № 403-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **12-бап. Мүгедектіктің алдын алу**

1. Мүгедектіктің алдын алу - ерте диагноз қоюға, дене, ақыл-ой, психикалық, сенсорлық және басқа кемістіктердің туындауынан және кемістіктің тұрақты функционалдық шектелуге немесе мүгедектікке ауысуынан сақтандыруға бағытталған шаралар кешені, сондай-ақ денсаулықты қорғау, адамның тұратын экологиялық ортасын жақсарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету, өндірісте жарақаттануды болдырмау, кәсіптік ауруларды азайту жөніндегі іс-шаралар.

2. Мүгедектіктің алдын аруды тиісті мемлекеттік органдар, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, ұйымдар мен жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

## **3-тарау. МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ**

### **13-бап. Медициналық-әлеуметтік сараптама, мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы**

1. Адамның мүгедектігін, еңбекке жарамдылығынан айырылу дәрежесін белгілеуді халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүзбе-жүз (куәландырылатын адамды қарап-тексеру) немесе сырттай медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырады.

2. Медициналық-әлеуметтік сараптама денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен беріletін медициналық құжаттар негізінде дәрігерлік-консультациялық комиссияның жолдамасы бойынша жүргізіледі.

3. Медициналық-әлеуметтік сараптама куәландырылатын адамның клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіби және психологиялық деректерін талдау негізінде организмнің жай-күйін кешенді бағалау негізге алына отырып, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

3-1. Төтенше жағдай кезеңінде қайта куәландыру мерзімі төтенше жағдай енгізілгенге дейін бір айдан аспайтын уақыт бұрын немесе төтенше жағдай кезеңінде басталған, көрсетілген кезеңде қайта куәландырудан өтпеген адамдарға мүгедектіктің, жалпы еңбекке жарамдылықтан айырылу дәрежесінің, кәсіптік еңбекке жарамдылықтан айырылу дәрежесінің және мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының мерзімдері бұрын белгіленген қайта куәландыру

күнінен бастап үш айға автоматты тұрде ұзартылады. Төтенше жағдай режимінің қолданылуы аяқталатын ай толық есепке жатқызылады.

4. Қолданылу мерзімі өткен құжаттар және (немесе) құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған кезде медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуден бас тартылады.

5. Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қорытындысы бойынша, тыныс-тіршілік санаттарының біреуінің (өзін-өзі қарап-күту, жүріп-тұру, еңбек қызметі (еңбекке қабілеттілік), оқып-үйрену, бағдарлай алу, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, ойын қызметі және танымдық қызмет, қозғалыс белсенділігіне қабілеті) шектелуіне алып келетін, организм функцияларының тұрақты бұзылуы болмаған жағдайларда, мүгедектік және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі белгіленбейді.

6. Мүгедектік тобы жеті жастан бастап белгіленеді.

7. Адамды мүгедектігі бар адам деп тану және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі белгілеу кезінде оның себептері, мерзімдері, әлеуметтік қорғау шараларына қажеттіліктер айқындалады, сондай-ақ мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік және кәсіби бөліктері әзірленеді.

8. Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (орнын толтыруши) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыйыптауышына сәйкес, мүгедектігі бар адамның қажеттіліктерін бағалауға сай мүгедектікті белгілеу мерзіміне әзірленеді.

9. Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы организмнің бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын қалпына келтіруге және (немесе) олардың орнын толтыруға бағытталған медициналық, әлеуметтік, кәсіби оңалту шараларын қамтитын оңалту іс-шараларының кешенін айқындайды.

Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы мүгедектігі бар адам мұқтаж болатын техникалық көмекші (орнын толтыруши) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің атауын да қамтиды.

10. Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігін медицина қызметкерлері медициналық құжаттар мен ақпараттық жүйелерде толтырады.

11. Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамға тегін берілетін оңалту іс-шараларын да, ақысын төлеуге мүгедектігі бар адамның өзі немесе оның жұмыста мертігуіне немесе кәсіптік ауруға шалдығуына кінәлі жұмыс беруші қатысатын оңалту іс-шараларын да қамтиды.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда – КР 12.10.2021 № 67-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – КР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **14-бап. Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары**

Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдар:

- 1) әлеуметтік қорғалуға, оның ішінде абилитациялауға, оңалтуға, қоғамға интеграциялануға;
- 2) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз етуге;
- 3) ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 4) білім алуға, қызмет түрін, соның ішінде еңбек қызметі түрін еркін таңдауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне және міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекке;
- 6) кәсіптік даярлыққа және қайта даярлыққа, еңбек қабілетін қалпына келтіруге және жұмысқа орналасуға;
- 7) Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үтеге;
- 8) мемлекеттік және өзге ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет көрсету саласындағы ұйымдарда бірінші кезекте қызмет көрсетілуғе;
- 9) мүгедектігі бар адамдардың шығармашылық қабілеттерін қолдауға арналған құқықтарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке басының құқықтары мен бостандықтарына толығымен ие болады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **15-бап. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау**

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау әлеуметтік, қайырымдылық көмекті, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалтуды, білім алуға қолжетімділікті және мүгедектігі бар адамдардың қоғам өміріне басқа азаматтармен бірдей қатысуына мүмкіндіктер жасауға бағытталған өзге де шараларды ұсыну арқылы қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - КР 16.11.2015 № 403-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **16-бап. Мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін әлеуметтік көмек**

Мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін әлеуметтік көмек мемлекеттік жәрдемақылар, өтемақылар түріндегі төлемдерді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де, оның ішінде қайырымдылық есебінен берілетін төлемдерді де қамтиды.

Әлеуметтік көмектің қосымша тұрлерін жергілікті атқарушы органдар, жұмыс беруші және өзге де үйымдар көрсетуге құқылы.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 16.11.2015 № 403-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**16-1-бап. Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын психоневрологиялық аурулар қатарындағы мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға әлеуметтік көмек**

1. Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұрып жатқан, сот шешімімен әрекетке қабілетсіз және қорғаншылыққа мұқтаж деп танылған мүгедектігі бар адамдардың (бұдан әрі – қорғаншылықтағылар) жасына байланысты зейнетақы төлемдері, еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылары "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" және "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен есепке жазылады.

2. Медициналық-әлеуметтік мекеменің әкімшілігі қамқорлықтағылардың алынған жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің, еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларының пайдаланылуы туралы есепті облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына тоқсан сайын ұсынуға міндетті.

3. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары қамқорлықтағылардың жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларын медициналық-әлеуметтік мекеме әкімшілігінің дұрыс жұмсауын бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 16-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.12.19. № 9 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**17-бап. Мүгедектігі бар адамдарды оналту**

1. Мүгедектігі бар адамдарды оңалту организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуынан тіршілік-тынысының шектелуін жоюға немесе оның орнын мүмкіндігінше толықтай толтыруға бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар кешенін қамтиды.

2. Мүгедектігі бар адамдарды оңалту мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

#### **18-бап. Мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламасы**

Ескерту. 18-бап алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Занымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **19-бап. Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасы**

Ескерту. 19-бап алып тасталды – ҚР 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

#### **20-бап. Мүгедектігі бар адамдарды медициналық оңалту**

1. Мүгедектігі бар адамдарды медициналық оңалту:

1) қалпына келтіру терапиясын (дәрі-дәрмекпен, физикалық, санаторий-курорттық емдеуді және организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функциялары мен денсаулықты қалпына келтіруге бағытталған басқа да емдеу әдістерін);

2) қайта жасау хирургиясын;

3) протездік-ортопедиялық көмекті қамтиды.

2. Медициналық оңалту жөніндегі іс-шараларды "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес денсаулық сақтау ұйымдары мен меншік нысанына қарамастан басқа да мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

2-1. Мүгедектігі бар адамдарды медициналық оңалту медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін, оңалтудың түрлері мен жүргізу мерзімдерін көрсете отырып, оңалту іс-шараларының жоспарын көздейді және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен медициналық ұйымдар жағдайларында көрсетіледі.

3. Мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету осы Заның 32-1-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Мүгедектігі бар баланы санаторийлік-курорттық емдеуге алып жүретін заңды өкілдердің бірінің халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын санаторийлік-курорттық емдеу құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген соманың жетпіс пайызы мөлшерінде санаторийлік-курорттық ұйымда болу құнын жергілікті атқарушы органдардың өтеуіне құқығы бар.

4. Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдықкан мүгедектігі бар адамға санаторий-курорттық емделуге жолдама осы баптың 4-1 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің есебінен беріледі.

4-1. Жұмыс берушіге қатысты соттың оны банкрот деп тану туралы шешімі заңды қүшіне енген жағдайда, жұмыс берушінің кінәсінан жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдықкан мүгедектігі бар адамға санаторий-курорттық емделу осы баптың 3-тармағына сәйкес беріледі.

5. Жұмыс беруші - жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда, жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдықкан мүгедектігі бар адамға санаторий-курорттық емделу осы баптың 3-тармағына сәйкес жұмыс берушінің есебінен беріледі.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2019 № 287-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 21-бап. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту

1. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту:

1) мүгедектігі бар адамдарды жеке басы гигиенасының, өзін-өзі қарап-күтудің, жүріп-тұрудың, қарым-қатынастың негізгі әлеуметтік дағдыларына үйретуді;

2) мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (орнын толтырушы) және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді;

3) басқа адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға үйде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынуды;

4) осы Заңның 32-1-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес, әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсетуді қамтиды.

Жүріп-тұруы қыын, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға жеке көмекшінің әлеуметтік қызмет көрсетуі оған құтімді жүзеге асыратын адамға "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 6-баптарында көзделген тәртіппен арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалған және төленген кезде жеке көмекшінің әлеуметтік қызмет көрсетуі ұсынылмайды;

4-1) осы Заңының 32-1-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес, әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдарға ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін көрсетуді;

5) медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынуды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық көмек көрсетуді;

7) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес әлеуметтік оңалтудың өзге де түрлерін қамтиды.

2. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалтуды: медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар), әлеуметтік көмекті үйде көрсететін бөлімшелер, арнаулы білім беру ұйымдары (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері), денсаулық сақтау ұйымдары және басқа да мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

**Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.12.2015 № 433-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.07.2018 № 165-VI (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.12.2019 № 287-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2021 № 100-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

**22-бап. Мүгедектігі бар адамдарға техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын беру**

1. Мүгедектігі бар адамдар мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етіледі.

Протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету осы Заңының 32-1-

бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес, әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы жүзеге асырылады.

2. Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдар мүгедектігі бар адамдыabilitациялау мен оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық көмекші (орнын толтыруши) және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

3. Жұмыс беруші - жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған, сондай-ақ соттың оны банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайларда, жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек, техникалық көмекші (орнын толтыруши) құралдар, арнаулы жүріп-тұру құралдары осы баптың 1-тармағына сәйкес беріледі.

4. Техникалық көмекші (орнын толтыруши) құралдар Қазақстан Республикасы мемлекеттік сертификаттау жүйесінің талаптарына сәйкес міндettі тұрде сертификатталуға тиіс.

**Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2019 № 287-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **23-бап. Үйде және аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну**

1. Өзінің негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін, өзіне өзі қызмет көрсету және (немесе) жүріп-тұру қабілетін ішінара немесе толық жоғалтуына байланысты басқа адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж, бірінші және екінші топтардағы жалғызілікті мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынуды халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес әлеуметтік көмекті үйде көрсететін бөлімшелер және қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсететін аумақтық орталықтар жүзеге асырады.

2. Өзінің негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін, өзіне өзі қызмет көрсету және (немесе) жүріп-тұру қабілетін ішінара немесе толық жоғалтуына байланысты басқа адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынуды халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес әлеуметтік көмекті үйде көрсететін бөлімшелер және қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсететін аумақтық орталықтар жүзеге асырады.

3. Үйде және қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызметтер көрсететін аумақтық орталықтарда арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.12.2015 № 433-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **24-бап. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну**

1. Денсаулық жағдайына байланысты басқа адамның тұрақты күтіміне және медициналық қызмет көрсетуге мұқтаж, бірінші және екінші топтардағы жалғызілікті мүгедектігі бар адамдарға, психоневрологиялық науқастар қатарындағы бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну мүгедектігі бар адамдардың жасына, денсаулық жағдайына сәйкес бейінделген қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) жүзеге асырылады және түрмис-тіршілік жағдайларын жасауды, күтіммен қамтамасыз етуді, медициналық қызмет көрсетуді, оңалтуды, әлеуметтік-еңбектік бейімдеуді, демалыс пен бос уақытты ұйымдастыруды қамтиды.

2. Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде және мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік ұйымдарда тұратын адамдарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көлемі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес ұсынылады.

3. Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну бюджет қаражаты және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де материалдық және қаржылық түсімдер есебінен жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік ұйымдарда арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну, құрылтайшылардың қаражатын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Зандағымен.**

#### **25-бап. Мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз ету**

1. Жергілікті атқарушы органдар:

1) ұлттық стандарттарға сәйкес елді мекендерді жобалау, салу және оларда құрылыш жүргізу, тұрғын аудандарды қалыптастыру, жаңадан игерілетін және

реконструкцияланатын аумақтар мен басқа да елді мекендерді абаттандыру кезінде мүгедектігі бар адамдардың тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттарға, құрылысжайларға және үй-жайларға кіріп-шығуын;

2) тұрғын үй құрылыштары шегінде, сондай-ақ қызмет көрсету мекемелері мен еңбек ету обьектілері жанында орналасатын жеңіл автомобилдерді уақытша сақтауға арналған ашық тұрақтарды жобалау және салу кезінде мүгедектігі бар адамдардың жеке автокөлік құралдарына арналған орындарды;

3) сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтерді ескере отырып, автомобилдерді қоса алғанда, арнаулы жүріп-тұру құралдарына арналған гараждар немесе тұрақтар салу үшін мүгедектігі бар адамдарға кезектен тыс орын беруді;

4) мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетуге бағдарланған мекемелер орналасқан жерлерде, сондай-ақ халық көп жүретін жерлерде ілесе дыбыстытын және жарық беретін арнаулы бағдаршамдар, жол белгілерін және көрсеткіштер орнатуды, дыбыстытын және жарық түсіретін құрылғылармен жарақталған жаяу жүргіншілер өтетін жерлерді белгілеуді қамтамасыз етуге тиіс.

2. Сәулет, қала құрылышы, құрылыш және мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар салынып жатқан (салынуы болжанып отырған) обьектілер мен кешендердің мониторингіне қатысуға мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін тартуға тиіс.

3. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ занды тұлғалар мүгедектігі бар адамдарға ортақ пайдаланылатын көлік құралдарына, тұрғын үйлерге, қоғамдық және өндірістік үйлерге, ғимараттар мен үй-жайларға кедергісіз кіріп-шығуына, әуежайларда, темір жол вокзалдарында, автовокзалдарда, автостанцияларда, теңіз және өзен порттарында еркін бағдар ұстануы мен жүріп-тұруына ұлттық стандарттарға сәйкес жағдай жасауға міндетті.

Аталған обьектілерді мүгедектігі бар адамдардың кіріп-шығуына бейімдеу мүмкін болмаған жағдайларда, тиісті жеке және занды тұлғалар мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін барынша ескеретін қажетті шараларды әзірлеп, мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің бірімен келісуге және жүзеге асыруға тиіс.

Мемлекеттік органдар жолаушыларды тасымалдау бағыттарына қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізген кезде, мүгедектігі бар адамдардың пайдалануына бейімделген көлік құралдары бар тұлғалар артықшылыққа ие болады.

4. Лауазымды адамдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың және занды тұлғалардың мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік инфрақұрылымға және көлік инфрақұрылымына кедергісіз қол жеткізуі үшін жағдайларды қамтамасыз етпеуі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартуға экеп соғады.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 352-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **26-бап. Мүгедектігі бар адамдарды тұрғын үймен қамтамасыз ету**

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) тұрғын үйге мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды есепке қояды және олардың пайдалануына тұрғынжай береді;

2) мүгедектігі бар адамдарға немесе құрамында мүгедектігі бар адамдар бар отбасыларға берілетін тұрғын үй-жайларды арнайы құралдармен және жабдықпен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

2. Мүгедектігі бар адамдарға ғимараттың қабаты, тұрпаты, абаттандырылу дәрежесі және тұруға қажетті басқа да жағдайлар ескеріле отырып, тұрғын үй-жайды таңдау құқығы беріледі.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.12.2015 № 433-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

## **27-бап. Мүгедектігі бар адамдардың мәдени-ойын-сауық ұйымдарына және спорт ғимараттарына бара алын қамтамасыз ету**

Жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдарға мәдени-ойын-сауық іс-шараларына, сондай-ақ дene шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін спорт ғимараттарына бара алатын жағдайларды, арнаулы спорт жабдықтарын беруді қамтамасыз етеді.

Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар мен он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар санамалап көрсетілген қызметтерді - бюджет қаражаты есебінен, ал үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар аталған қызметтер құнының елу процентін төлеп пайдаланады.

## **28-бап. Мүгедектігі бар адамдардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет:

1) мүгедектігі бар адамдар үшін мерзімді баспасөз, ғылыми, оқу-әдістемелік, анықтамалық-ақпараттық және көркем әдебиет, соның ішінде аудиотаспаларды, дискілерді, бедерлі-нүктелі Брайль қарпімен және сурдоудармасы бар бейнетаспаларды шығару арқылы мүгедектігі бар адамдардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

2) алып тасталды - ҚР 03.12.2015 № 433-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

1-1. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасына сәйкес жаңалықтар сипатындағы кемінде бір телебағдарлама сурдоаудармамен немесе субтитрлер түріндегі аудармамен қамтамасыз етіледі.

2. Жеке қарым-қатынас құралы ретінде ымдау тілі пайдаланылады, ол сондай-ақ саңырау және нашар естітін балаларға арналған білім беру үйымдарының оқу бағдарламасында да қолданылады.

**Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.12.2015 № 433-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**29-бап. Мүгедектігі бар адамдарға білім алуды және мектепке дейінгі тәрбие алуды үшін жағдайларды қамтамасыз ету**

1. Мүгедектігі бар адамдарға тегін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуда кепілдік беріледі.

2. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балалар үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын үйымдарға оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді.

3. Білім беру гранттарын оқуға, сондай-ақ жоғары білімді кадрлар даярлауда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдауда арналған конкурстарға қатысу кезінде балдары тең болған жағдайда, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру үйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың, бала кезінен мүгедектігі бар адамдардың, мүгедектігі бар балалардың "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 5-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес артықшылықты құқығы болады.

4. Мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында оқыту мүгедектігі бар адамдарға стипендиямен қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

**5. Алып тасталды – ҚР 26.06.2021 № 56-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

6. Мүгедектігі бар балаларды жалпы немесе арнаулы мектепке дейінгі үйымдарда және басқа оқу орындарында тәрбиелеу мен оқыту мүмкін болмаған жағдайда, оларды тәрбиелеу мен оқыту ата-анасының немесе заңды өкілдерінің тілегі ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үйде жүргізіледі.

7. Мемлекет мүгедектігі бар адамдардың, бала кезінен мүгедектігі бар адамдардың және мүгедектігі бар балалардың білім алуды кезеңінде оларды күтіп-бағуға жұмсалған

шығыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара көтереді.

Ескерту. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27. № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.06.2021 № 56-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Зандарымен.

### **30-бап. Мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оналту**

1. Мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оналту:
  - 1) кәсіптік бағдар беруді;
  - 2) кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды);
  - 3) жұмысқа орналастыруды қамтиды.
2. Кәсіптік бағдар беруді білім беру, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары жүзеге асырады.

2-1. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ашатын жұмыс берушілер мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік бағдарлауға қатысады.

3. Мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған лицензия негізінде білім беру қызметін жүргізетін ұйымдар жүзеге асырады.

Ескерту. 30-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 421-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **31-бап. Мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтууды қамтамасыз ету**

Жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтууды:

1) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмай, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу;

2) жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы мүгедектігі бар адамдар үшін қосымша жұмыс орындарын құру;

3) мүгедектігі бар адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысқа орналастыру үшін арнаулы, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарын құру;

4) мүгедектігі бар адамдарға кәсіптік оқуды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етеді

**Ескерту. 31-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 421-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

### **32-бап. Мүгедектігі бар адамдардың еңбек қатынастары саласындағы құқықтары**

1. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар үшін аптасына отыз алты сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді, ұзақтығы кемінде күнтізбелік алты күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысы беріледі.

2. Тұнгі уақыттағы жұмысқа мүгедектігі бар адамның келісімімен және егер оның мұндай жұмыс істеуіне денсаулық жағдайы бойынша тыйым салынбаған болса, рұқсат етіледі.

3. Медициналық қорытынды бойынша мүгедектігі бар адамның денсаулық жағдайы кәсіптік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін не басқа адамдардың денсаулығына және еңбек қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, мүгедектік уәждері бойынша еңбек шартын жасасудан не қызмет бабында жоғарылатудан бас тартуға, жұмыс берушінің бастамасы бойынша мүгедектігі бар адамды жұмыстан босатуға, оның келісімінсіз басқа жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

**Ескерту. 32-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 415-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

### **32-1-бап. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы**

1. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйесі болып табылады және халықтың жекелеген санаттарына осы Заңға және "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, жергілікті атқарушы органдардың тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеуі шарттарымен оларды сатып алу мүмкіндігін беретін ақпараттандыру обьектісін білдіреді.

Мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында өнім берушіні таңдауы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталына мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оналтудың жеке бағдарламасы іс-шараларының жіберілуі туралы оларды хабардар еткен күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырылады.

**2. 01.01.2023 дейін қолданыста болды – ҚР 12.10.2021 № 67-VII Заңымен.**

3. Мынадай:

- 1) мүгедектігі бар адам тұратын елді мекенде сымды интернет болмаған;
- 2) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркелген сатып алынатын тауарды және (немесе) көрсетілетін қызметті беруші болмаған;
- 3) мүгедектігі бар адамның әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алудан бас тарту туралы өтініші болған;

4) мүгедектігі бар адамдардың жеке тапсырыстары бойынша дайындалатын және (немесе) жеке іріктеу мен теңшеуді талап ететін протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтыруши) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етілетін;

5) есту аппараттарымен қамтамасыз ете отырып, есту-протездік көмегі көрсетіletіn;

6) кохлеарлық имплантқа сөйлеу процессорын ауыстыру және теңшеу бойынша қызметтер көрсетіletіn жағдайларда, тауарларды және (немесе) көрсетіletіn қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

4. Мүгедектігі бар адамдар мен өнім берушілер арасындағы әлеуметтік көрсетіletіn қызметтер порталы арқылы тауарларды және (немесе) көрсетіletіn қызметтерді сатып алуға байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен, сондай-ақ әлеуметтік көрсетіletіn қызметтер порталында жасалатын шартпен реттеледі

**Ескерту. 3-тaraу 32-1-баппен толықтырылды – ҚР 26.12.2019 № 287-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 12.10.2021 № 67-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

### **32-2-бап. Әлеуметтік көрсетіletіn қызметтер порталында тауарларды және (немесе) көрсетіletіn қызметтерді берушілер**

1. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар әлеуметтік көрсетіletіn қызметтер порталында тауарларды және (немесе) қызметтерді берушілер болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы жеке көмекшінің әлеуметтік көрсетіletіn қызметтеріне қолданылмайды.

Психикалық саулық саласында медициналық көмек көрсететіn ұйымдарда есепте тұрған адам жеке көмекші бола алмайды.

2. Тауарларды және (немесе) көрсетіletіn қызметтерді берушілерді әлеуметтік көрсетіletіn қызметтер порталына жіберу, әлеуметтік көрсетіletіn қызметтер порталында оларды тіркеу немесе тіркеуден шығару халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Әлеуметтік көрсетіletіn қызметтер порталында мынадай:

1) сәйкестігін міндettі түрде растауға жататын тауарларды беру кезінде сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларациясы бар;

2) мемлекеттік тіркелуге және қайта тіркелуге тиіс медициналық бұйымдарға жататын техникалық көмекші (орнын толтыруши) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын беру кезінде тіркеу куәлігі бар;

3) салықтық берешегі және әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі жоқ;

- 4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпайтын;
- 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілмеген;
- 6) Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуды туралы заңнамасында көзделген сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне және (немесе) Ұлттық әл-ауқат қорының сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізілмеген;
- 7) тауарларды өткізу және (немесе) қызметтерді көрсету үшін шығарылған жерін, сипаттамаларын және бағасын растайтын құжаттарды ұсынған;
- 8) санаторий-курорттық емдеуді және медициналық оңалтуды ұсыну кезінде медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар;
- 9) ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметін көрсету кезінде біліктілігін растайтын құжаты бар өнім берушілер тіркеледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы жеке көмекшінің әлеуметтік көрсетілетін қызметтеріне қолданылмайды.

4. Өнім беруші әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден мынадай:
  - 1) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығару туралы өтініш берген;
  - 2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға қайтыс болған немесе қызметі тоқтатылған, заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған;
  - 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген;
  - 4) Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуды туралы заңнамасында көзделген сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне және (немесе) Ұлттық әл-ауқат қорының сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізілген;
  - 5) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы өзіне алған міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайларда шығарылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығару өнім берушіні тіркеуден шығару күніне әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы өзіне алған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, мүгедектігі бар адам өнім берушінің өзіне алған міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталына тиісті ақпаратты орналастырады. Жергілікті атқарушы орган құратын, өнім беруші тарапынан бұзушылықтардың болуын немесе болмауын айқындастырын комиссия осы ақпаратты орналастырылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Өнім беруші осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығарылған жағдайда, ол туралы мәліметтер тиісті тізілімнен және (немесе) тізбеден алып тасталғаннан кейін әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында кейіннен тіркеу мүмкін болады.

Өнім беруші осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген негіздер бойынша әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығарылған жағдайда, тіркеуден шығарылған күннен бастап кемінде бір жылдан кейін оны әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында кейіннен тіркеу мүмкін болады.

5. Өнім беруші әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (орнын толтыруши) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыйыптауышына сәйкес келетін тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді өткізеді.

Өнім берушілердің әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында жасалатын шарттың талаптарына сәйкес келмейтін тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы өткізу фактісі анықталған жағдайда, олардың құны өнім берушілердің қаражаты есебінен өтеледі.

**Ескерту. 3-тaraу 32-2-баппен толықтырылды – ҚР 26.12.2019 № 287-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Зандарымен.**

**32-3-бап. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы сатып алынатын тауарлармен және (немесе) көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету**

1. Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оналтудың жеке бағдарламасы негізінде мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырысты жүзеге асырады.

Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы өткізілетін тауарлар және (немесе) көрсетілетін қызметтер мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (орнын толтыруши) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыйыптауышына сәйкес келуге тиіс.

2. Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы сатып алған кезде мүгедектігі бар адамның жергілікті атқарушы органдарға олардың құнын өтетуге, бірақ осы баптың 3-тармағында көзделген кепілдік берілген сома мөлшерінен асырмай өтетуге құқығы бар. Мүгедектігі

бар адам кепілдік берілген соманың және сатып алғынған тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің нақты құны арасындағы айырманы меншікті қаражаты есебінен өз бетінше төлейді.

3. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы сатып алғынатын тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген сома халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және мөлшерлерде төленеді.

Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы сатып алғынатын көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген сома:

жеке көмекшінің әлеуметтік көрсетілетін қызметтеріне күніне сегіз сағаттан;

ымдау тілі маманының әлеуметтік көрсетілетін қызметтеріне жылына алпыс сағаттан аспайтын есеппен айқындалады.

Ескерту. 32-3-баппен толықтырылды – ҚР 12.10.2021 № 67-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 31.12.2021 № 100-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **4-тарау. ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ІСІНЕ ҚАТЫСУЫ**

##### **33-бап. Жұмыс берушінің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне бара алуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеті**

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдардың өндірістік үйлерге, ғимараттарға, үй-жайларға бара алуы үшін жұмыс беруші жұмыс орындары мен жұмыс үй-жайларын жобалау және бейімдеу арқылы жағдай жасайды, мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес тұрғын үй-жайларды арнаулы құралдармен және көмекші құрылғылармен жабдықтайды.

##### **34-бап. Жұмыс берушінің мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту және кәсіптік оналту саласындағы міндеті**

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс беруші кәсіптік оқытуды немесе қайта оқытуды, арнаулы жұмыс орындарын құруды осы Заңға сәйкес жеке қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

##### **35-бап. Жұмыс берушінің мүгедектігі бар адамға келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеті**

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарға келтірілген зиянды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **5-тарау. МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРІ**

### **36-бап. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің құқықтары және олардың өкілеттіктері**

1. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері үйлестіру кеңесінің жұмысына және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғауға байланысты мәселелерді шешуге қатысады.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдардың мұдделерін қозғайтын шешімдерді әзірлеу мен қабылдау кезінде мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен және олардың өкілетті өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды.

3. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне, сондай-ақ олардың ұйымдарына олардың меншігіндегі үйлер (құрылыштар, ғимараттар) салынған жер участекелеріне меншік құқығын мемлекеттік меншіктен жеке меншікке беру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері қызметін тоқтатқан немесе мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің, олардың ұйымдарының меншігіндегі жылжымайтын мүлікті иеліктен айырған жағдайда, олардың меншігіндегі жер участекелері мемлекеттің меншігіне қайтарылуға тиіс.

4. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдарға мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізу;

2) әлеуметтік қызметтердің тиісті түрлерін көрсетудің тиімділігін бағалауға қатысу;

3) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне ұсыныстар енгізу;

4) дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп спорттық іс-шараларды ұйымдастыру;

5) уәкілетті аумақтық мәдениет органдарымен бірлесіп ағарту және мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру арқылы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысуға құқылы.

**Ескерту. 36-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2009.12.07 № 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа**

енгізіледі); 13.12.2019 № 280-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **6-тарау. ОСЫ ЗАҢНЫҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУ**

### **37-бап. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау**

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**38-бап. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі құқықтары**

Ескерту. 38-бап алғып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **39-бап. Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

### **40-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң:

1) 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 17) тармақшасын; 20-баптың 5-тармағын; 21-баптың 1-тармағының 4) тармақшасын; 22-баптың 3-тармағын; 26-баптың 1-тармағының 2) тармақшасын; 28-бапты;

2) 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 7-баптың 1-тармағының 8) тармақшасын; 25-баптың 3-тармағын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., № 26, 345-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 9-10, 158-құжат; № 15, 208-құжат; 1995 ж., № 20, 120-

құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 17-18, 219-құжат; 1998 ж., № 24, 432-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; 2001 ж., № 1, 4-құжат; № 13-14, 173-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат);

2) Қазақ ССР Жоғарғы Советінің "Қазақ ССР-інде мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақ ССР Заңын қүшіне енгізу туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қаулысы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., № 26, 346-құжат).

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК